

**ҚАЗАҚСТАН РЕСПУБЛИКАСЫ  
БІЛІМ ЖӘНЕ ҒЫЛЫМ МИНИСТРЛІГІ  
Ш.УӘЛИХАНОВ атындағы КӨКШЕТАУ МЕМЛЕКЕТТІК УНИВЕРСИТЕТІ**

**Қазақтың ұлы ғалымы, тарихшы, этнограф, саяхатшы  
және ағартушы Ш.Уәлихановтың 180 жылдығына арналған**

**«ШОҚАН ОҚУЛАРЫ – 19»**

**Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция**

**МАТЕРИАЛДАРЫ**

**17-18 сәуір**



***180 жыл***

**МАТЕРИАЛЫ**

**Международной научно-практической конференции**

**«УАЛИХАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 19»,**

**посвященной 180-летию великого казахского учёного, историка,  
этнографа, путешественника и просветителя Ш. Уалиханова**

**17-18 апреля**

***Том 3***

**Көкшетау, 2015**

УДК 001.83

В 17

**Уалихановские чтения-19: Сборник материалов Международной научно-практической конференции. – Кокшетау, 2015. – 397 с., Т.3.**

ISBN 978-601-261-251-6

Бұл басылымға 2015 жылдың 17-18 сәуір аралығында өткен **«ШОҚАН ОҚУЛАРЫ - 19»** дәстүрлі Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция материалдары енген. Олар ғылыми қызметкер, ЖОО және мектеп оқытушыларына, магистранттар мен студенттерге арналған әр түрлі салалардағы өзекті мәселелерді қамтиды.

В настоящее издание вошли материалы традиционной Международной научно-практической конференции **«УАЛИХАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ - 19»**, проходившей с 17 по 18 апреля 2015 года. Они отражают проблемы различных отраслей науки, рассчитанные на широкий круг работников, преподавателей ВУЗов и школ, магистрантов и студентов.

УДК 001.83

#### **СЕКЦИИ:**

*«КАЗАХСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ»*

*«РУССКАЯ ФИЛОЛОГИЯ»*

*«ИНОСТРАННАЯ ФИЛОЛОГИЯ»*

*«ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ»*

*«ОРЫС ФИЛОЛОГИЯСЫ»*

*«ШЕТЕЛ ФИЛОЛОГИЯСЫ»*

#### **СЕКЦИЯЛАРЫ.**

#### **РЕДКОЛЛЕГИЯ:**

Абжаппаров А.А. – ректор Кокшетауского государственного университета имени Ш.Уалиханова, д.т.н., профессор, Академик Национальной инженерной академии Республики Казахстан;

Жаркинбеков Т.Н. – первый проректор, к.г-м.н.;

Жакупова А.Д. – д.ф.н., профессор, проректор по УМР;

Шапауов А.К. – руководитель службы науки и коммерциализации, к.ф.н.;

Амренова Р.С. – к.ф.н., доцент;

Жұмағұлова Ө.А. - ф.ғ.к., доцент

Фаткиева Г.Т. – к.ф.н.;

Немченко Н.Ф. – к.ф.н., доцент

Жукенова А.К. – к.ф.н., и.о. доцента

Мансуров К.Ж. – руководитель РПО.

ISBN 978-601-261-254-7 (3)

ISBN 978-601-261-251-6

©Кокшетауский государственный университет им. Ш.Уалиханова, 2015

ойлар айтып, жаңалықтар ашатын сезімталдығы жоғары, эстетикалық, рухани құндылықтар иесін таба білу.

Дарынды балаларға қызмет етуден жалықпайық, ұстаздар! Әріптестерімен тәжірибе алмастыру арқылы осы бағыт бойынша кәсіби деңгейіміз жоғарылай берсін демекпін.

### **Әдебиеттер:**

1. ҚР Білім туралы Заңы. Астана 2007.
2. Ү.Б. Жексенбаева. Балалардың дарындылығын диагностикалау әдістемелік құрал. «РАД и АЛ» баспасы «Алматы» 2005.
3. Дарынды балалармен жұмыс//Қазақстан мектебі. - 2008 №6 34-36 бет.
4. Үздік білім берудің жолдары//Мектеп директоры. – 2010 №1 27-29 бет.
5. Дарынды оқушымен жұмыс//Мектеп директорының орынбасары. – 2010 №1 27-29 бет.

## **КӨРКЕМ МӘТІНДЕГІ ЭПИТЕТТІҢ СТИЛЬДІК ҚЫЗМЕТІ**

**Досова А.Т.**

Қостанай қ., А.Байтұрсынов атындағы Қостанай мемлекеттік университеті  
[almdosova@mail.ru](mailto:almdosova@mail.ru)

Әрбір жазушының тілдік тұлға ретіндегі табиғатын, шығармашылық шеберлігін анықтайтын негізгі құралдардың бірі оның суреткерлік болмысын танытатын тілдік өрнектермен айшықталған көріктеу тәсілі болып табылады. Осымен байланысты Т.Ахтанов шығармаларында қолданылған көркемдік тәсілдер жазушының тіл көркемдігін ғана көрсетіп қоймай, оның әсемдік әлемін, дүниетанымын танытатын мазмұнға ие. Жазушы шығармаларында қолданылған теңеу, эпитет, метонимия, қайталау сияқты көріктеу құралдары оны тілдік тұлға ретінде танытатын жазушылық шығармашылығын, таным әлемінен ақпарат беретін бірден-бір тілдік құралдар болып табылады.

Эпитеттің зерттелу тарихы ертедегі грек ғалымдарынан бастау алған. Ұлы оқымыстылардың пайымдаулары басқа тілдерде эпитет жайындағы ілімнің ілгері дамуына әсер еткен. Қазақ тілінде эпитетке алғаш анықтама берген А.Байтұрсынұлы: “Көркейтуді жалпы сипатты жалғыз нәрсеге теліп айтқанда, я нәрседе болмайтын сипатты болатындай етіп айту. Асылында айқындау нәрсені я көркейтуді үшін айтылады, я лақаптау үшін айтылады”, - деп жазады [1, 155].

Эпитет қандай да бір сөздің сапасын, белгісін білдіретін көркемдеуіш құрал болғандықтан оны айқындау деп те атайды.

“Айқындау, яғни эпитет – заттың, құбылыстың айрықша сипатын, сапасын анықтайтын суретті сөз” [2, 209].

Жазушылар, ақындар шығармаларында эпитеттер мол кездеседі. Жазушылар тіліндегі эпитеттерді стильдік қызметі мен құрылымына қарай жіктеп көрсетуге болады.

Т.Ахтановтың қай шығармасы болмасын тұнып тұрған сөз маржандары яғни эпитетке өте бай. Бұл, әрине, жазушының тамыры тереңге кеткен үлкен бәйтерек – сөз зергері екенін дәлелдей түседі. Т.Ахтанов романдарында кездесетін эпитеттерді стильдік қызметі, яғни автордың эпитеттерді қолдану мақсатына қарай бірнеше топқа жіктеуге болады.

1) Автордың эпитетті қолданудағы мақсаттарының бірі – табиғат көріністерін, тұрмыстық жайларды, жеке құбылыстар мен заттарды оқушы сезіміне әсер етерліктей етіп беру. Мысалы, *“Шаңқай түске қарай көтерілген күн, ыстық аптабымен күйдірмей, қалың ағашқа, жайқалған көк шалғынға, құйқалы топыраққа мол қызуын сіңіріп балқытып келеді”* (Шырағың сөнбесін, 18-б). Сөйлемде көңілге жайдары шуақ төгетін жаз көрінісі сұлу сөздермен нақты берілген. *“Алатаудың қарағай орманды көп жықпылдарында ұйып тұрған көкшіл мұнар сұйылып, күлгін тарта бастады. Кешкі күннің қиғаш сәулесі тау жоталарын қызғылт-сарғыш ерекше бір нәзік нұрға малған”* (Шырағың сөнбесін, 13-б). Талас жоқ, осы сөйлемдердегі эпитеттің сөйлемге әдемі ажар беріп тұрғаны даусыз. Алғашқы сөйлемде жазушы қарағай орманды жықпылдарында ұйып тұрған көкшіл мұнардың табиғат аясындағы керемет үйлесімді суретін берсе, келесі сөйлемде тау жоталарын нәзік нұрға малған күннің қиғаш сәулесін көз алдыңызға елестетесіз. Алатаудың сұлу келбеті әсем суреттелген. *“Жұрттың бәрінің көзі таудан бергі жазық даланың ортасында жалғыз тұрған үлкен, биік, қоңыр төбеге түсті”* (Қаһарлы күндер, 13-б). Сөйлемдегі *үлкен, биік, қоңыр* сөздері – күрделі эпитеттер. Олар сөйлемге айрықша өң беріп, өмір суретін дәл өрнектеуге қызмет етіп тұр. *“Жылы үйдің есігіне жуықтай бергенде желкесінен тартып әкеткендей, адам баласының әлі келмейтін ақ дүлей елсіз, панасыз далаға қарай қойларымен қоса ысырып әкетіп барады”* (Боран, 36-б). Мұнда эпитет пен теңеу түйдектеліп келіп, шығарма ажарын аша түскен. *“Қоспанның әлі келмеді... Қара дүлей ақыры оны қойымен қоса жарға қарай ысырып әкетті”* (Боран, 38-б). Бұл сөйлемде автор эпитет арқылы қыстың қатал мінезін шынайы түрде суреттеген.

Жазушы романдарында табиғат көріністерін (пейзаж) беру мақсатында қолданылған эпитеттерді мезгілге, қалыпты күйіне қарай жіктеп көрсетуге болады.

а) **Мезгілдік мағынаны білдіретін эпитеттер:** *алыстағы әлсіз найзағайдай қараңғы түн, айлы таң, қара көлеңке ымырт, қалыңдап келе жатқан қараңғылық, қою қараңғылық, күңгірт бейуақ, шығар күннің сәулесімен күмістей жарқыраған алып ақ дала, алдамшы ай жарығы т.б.*

ә) **Қалыпты табиғатты білдіретін эпитеттер:** *биік көк аспан, біріне-бірі ұқсас қар жамылған ақ адырлар, боз жусан, жаңбырлы аспанның астында қарауытып сұлық жатқан дала, жел кермек татыған қарағай, жібіген қу шөпшек, ақшыл бояуы оңған бұйра боз, кермек исі аңқыған құрғақ жусан,*

қоңырқай сұрғылт тартқан жұпыны әсер, тыныстап тұрған жым-жырт дүние, нәзік тыныштық, рақат тыныштық, бұлыңғыр аспан, ай нұрына жарқыраған аппақ қар, дымқыл ауа, дымқыл қара қоңыр бұлт, қоңыр күңгірт сәуле, құқыл қар, күңгірт мұнар, суық төңірек т.б.

**б) Қозғалыстағы (динамикалық күйдегі) табиғат құбылыстарын білдіретін эпитеттер:** ағын су, жігер құйып құлшындыратын еспе леп, жұмсақ майда әсел, ұйтқыған боран, ұйтқыған әсел, ұлыған боран, шаңытқан боран, ызғарлы әсел, ысқырған боран, ақ боран, ақ дүлей, ақ түнек, аласұрған ақ дүлей, ат құлағы көрінбейтін бозамық түнек, боз қырау, буалдыр тұман, бұрқыраған қарлы боран, гуілдеген боран, гулеген боран, долы толқын, жаяу боран, жаяу борасын, жұпар леп, қара бұйра шаң-түтін, қара дүлей, қатқыл боран, қоңыр әсел, ойнақ салған есер әсел, қою бұйра түтін, сұрапыл дауыл, нәзік самал, бұрқыраған ақшыл тозаң т.б

**2) Жазушы эпитетті кейіпкердің бейнесін, сыртқы көрінісін, портретін жасауда кеңінен қолданған.** Мысалы, “Қазір де қабағының астынан Мұратты бағып отыр. Бұрын ескермеуші еді, сөйтсе бұл қазақ өзіне бола көрікті екен. Әттең, тек беті жалпақтау, болмаса **тік маңдай** бітісі пілдің сүйегінен ойғандай, **әсем де бір түрлі өткір де қоңыр жүзі, ортасы сәл дөңестеу, жұқа танаулы қыр мұрыны, бүкіл қағылез сергек тұлғасы** – өзінше бір шығыстық сұлулықтың үлгісіндей” (Қаһарлы күндер, 24-б). “Тік маңдай”, “өткір де қоңыр жүз”, “қыр мұрын”, “қағылез сергек тұлға” - бұлардың барлығы - қазақтың хас сұлу жігітінің бейнесі. Бұл оралым эпитетпен қоса теңеуді де қамтып кетеді. Мұраттың “маңдай бітісі пілдің сүйегінен ойғандай” делініп, Мұрат портреті сомдала түскен.

Т.Ахтанов эпитеттерді кейіпкер бейнесін сомдауда жиі қолданған. Мысалы, “Қартбай орнынан тұрды. Мұрат оның биік болмаса да **сүйекті, берік тұлғасын, сирек шегір мұртты, шешек дағы бар қызыл шырайлы жүзін** сүйсіне шолып өтті” (Қаһарлы күндер, 27-б). “Өзі ұзын бойлы **сүйекті жігіт. Сопақша бүйрек бетті, дүрдиген қара ерінді қара**” (Боран, 20-б). “**Сұңғақ бойлы, атжақты қара торы қыз...**” (Боран, 52-б). Қарап отырсақ, жоғарыдағы кейіпкерлердің қай-қайсысы болсын, өзінше дара тұлғалар. Олардың бейнесі де қайталанбас, өзіне ғана тән ерекшелігімен ажыратылады.

Т.Ахтанов эпитетті, әсіресе, әйел портретін жасауда ұтымды қолданған. Мысалы, “Алевтина Павловна **ақсары, сұлу келіншек**, оның аты қандай құлаққа майдай жұмсақ болса, кісінің көзіне өзі де сондай әсер етеді. **Денесі ашыған жұмыртқадай жұп-жұмыр**, сәл ғана ұрты білініп, **бұғағы үлбіреген дөңгелек жүзді**, үш жағы қайқайған кішілеу ғана “**ерке мұрын**” (Шырағың сөнбесін, 14-б). “Маруштың шашы көмірдей қара, жылтыратып ортасынан қақ айырған, **биік қабақты, үлкен дөңес мұрынды қатқан қара торы келіншек**. Әйелге сонша үлкен мұрынның жарасқанын алғаш рет осы Маруштан көрдім. Егер мұрны осыдан кішілеу болды бар ғой, анау **биік қабағына, тостағандай қара көзіне**, мына жақ бітіміне жараспас еді. Арық болғанмен, арсып тұрған жоқ, денесі де **жинақы, сымбатты**, тек бір ғана айыбы **қушықтау иығына ірі жүзді бас қондырысы үлкендеу**” (Шырағың

сөнбесін, 15-б). “Шырағың сөнбесін” романының кейіпкерлері Алевтина Павловна мен Маруштың портреттері әсерлі берілген. Эпитетке тұнған маржан сөз өрнектері оқырманның алдына бір-біріне керезар, “бірі күн болса, бірі түн” сияқты екі түрлі әйел бейнесін әкеледі.

3) Автор эпитетті кейіпкерлерін мінездеуде де орынды пайдалана алған. Мысалы, “Бұл ылғи кішкене көзінің құйрығында украиндық бір қуақы ұшқын жылтылдап, езуінде күлкі тепсініп, кісіге сәл қағыта қарайтын адам еді” (Қаһарлы күндер, 14-б). “Үлкен жалпақ бетті болғанмен өңі жұқа, лезде қуарып, не қан тепсініп шыға келеді” (1, 15-б). “Иықты, сүйегі мығым болғанмен орта бойлы Қасболат Қоспанға төменнен жоғары қарайды. Күлімсіреген жылы шырайымен ішке тартып, ескі достығын танытып тұр. Қоспан осындай инабатты адамның мойнын создырып қойған өзінің үлкен денесінен ұялып, берекесі қашты” (Боран, 40-б). “Бұл сөйлеп шыққаннан кейін бір жылмандаған саржалақ жігіт ұстай алды” (Боран, 41-б).

Келтірілген мысалдардың алғашқысында эпитеттер арқылы “қу”, “алаяқ”, “тұрақсыз” адамның бейнесі бейнеленсе, екінші сөйлемде ішіндегісі лезде сыртына шығатын, жаны таза, ақкөңіл образ сомдалған. Үшіншісінде, автор “Боран” романындағы орта бойлы Қасболат пен ірі тұлғалы Қоспанның сырт болмысын салыстыра көрсетеді, өзінің үлкен денесінен ұялып, берекесі қашқан кейіпкердің көңіл-күйі юмормен берілген. Төртінші сөйлемде ұшқалақ адамның бейнесі оқырманға сұлу сөз арқылы жеткен.

Автор кейде кейіпкер мінезін толық ашу үшін эпитетпен қатар теңеу, метафораны да жеткілікті дәрежеде қолданып, кейіпкер образын асқақтата суреттеген. Мысалы, “Ал, енді бір, көп сөйлеспей, тілдеспей-ақ ұғатын адамым Ираида Ивановна. Көп командирлердің ішінде құба төбел, қоңырқайы ғана. Сырт кескінінде “мен мұңдалап” көзге түсер ешнәрсе жоқ: орта бойлы, кеуделі, толықша денелі, кішілеу қайқы тұмсық, аққұба әйел. Нағыз орыс бітім. Сөйте тұрса да оны өзім елде көп көрген қазақ әйелдеріне ұқсатам да тұрам, түрі бөлек болса да өзімнің ескі таныс, сыралғы жеңгелерімнің бірі сияқты. Ираида Ивановна қимылға да сөзге де сараң, үлкен-кішінің алдында бірдей – мейірілі сабырынан өзгермейді” (Шырағың сөнбесін, 73-б).

Жазушы романдарындағы кейіпкер мінезін ашу үшін қолданылған эпитеттер төмендегіше болып келеді: мейірімді шырай; ойлы пішін; сенімді пішін; шімірікпейтін арсыз кескін; байсалды қалып; жарқын мінез; жұмсақ өң, жымысқы қу; қалтыраған сараң; тиянақсыз қу; тік мінез т.б.

4) Жазушы прозасында эпитетті адам сезімдерін, көңіл-күйлерін, психологиялық халін, әсерлері мен ойларын көркем тілмен жеткізу үшін де қолданады. Мысалы, “Светаның бетінде де нұр жоқ, бір түрлі қан-сөлсіз сұрғылт тартып кетіпті, жанарында да жылы сәуле өшіп, бір салқын, қуқыл жарқыл қалған ...оның бойын да ажалдың салқыны шалған” (Шырағың сөнбесін, 94-б). “Әжімі тереңдеген дөңгелек ажарлы жүзінде нұр ойнап, ойлы көзі күлімдеп Қоспанның қолын бар ықыласымен қатты қысады” (Боран, 7-б). “Киіз үйде ұйықтағанда таңертеңгілік шаңырақтан саф, таза, көк аспанды көріп қуанып оянататын әдетім еді...” (Шырағың сөнбесін, 78-б).

*Алғашқы мысалда сұрапыл соғыста алғаш рет ажалмен бетпе-бет келген әйелдің үрей мен қорқынышқа толы халі берілген. Екінші және үшінші мысалдарда “Боран” романындағы Қасболат пен “Шырағың сөнбесін” романының бас кейіпкері Нәзіраның көтеріңкі көңіл-күйлері дәл көрсетілген.*

Т.Ахтановтың “Боран” романында шығарма тақырыбына сай “боран” сөзімен тіркескен эпитеттер жиі қолданылған. Жазушы шығарма мақсатына орай, “боран” сөзін түрлі айқындауыштық қатынаста беріп, оның сұрапыл көрінісін табиғаттың қатал заңы ретінде сенімді жеткізген. Мысалы: қатқыл боран; бұрқыраған қарлы боран; ақ боран; ұлыған боран; ысқырған боран; ұйтқыған боран; гуілдеген боран; жаяу боран; гулеген боран; шаңытқан боран т.б.

Қорыта айтқанда, автор қолданысындағы эпитеттер айтылған ойды құбылта төгілген, шығарма шырайына көрік беріп, әр сөзге ажар дарытуымен ерешеленеді.

### **Әдебиеттер:**

1. Байтұрсынов А. Шығармалары. – Алматы: Жазушы, 1989. – 318 б.
2. Қабдолов З. Сөз өнері. – Алматы: Қазақ университеті, 1992. – 352 б.

## **АЙЖАРЫҚ СӘДІБЕКҰЛЫНЫҢ ПУБЛИЦИСТИКАСЫ**

**Ермағанбетова З.Н., Баялиева Г.Ж.**

Қызылорда қ., Қорқыт Ата атындағы Қызылорда мемлекеттік университеті  
[zuhra\\_9195@mail.ru](mailto:zuhra_9195@mail.ru)

Қазақ журналистикасының теоретигі, көсемсөзші А.Байтұрсынұлы: «Қаламын қолына ұстаған адам – көсемсөз иесі. Ол алдымен құдай, адам, заман, елдің алдындағы жауапкершілігін сезінуі керек», - деп жазған екен. Осындай ел, халық алдындағы жауапкершілік жүгін сезініп, өз кәсібіне адалдық танытып келе жатқан публицист А.Сәдібекұлы. Жарты ғасырға жуық ғұмырын баспасөзге арнаған ол: «Біз жазбаған тақырып қалды ма екен» [1] деп өзі айтқанындай барлық тақырыпқа қалам тербеген. Оған «Сыр бойы» газетінің сарғайған беттеріндегі жарық көрген материалдарды оқи отырып көз жеткізуге болады.

А.Сәдібекұлы журналистік қызметінің алғашқы кезеңдерінде сыни корреспонденция жанрында кеңінен жазған. Көптеген жарияланымдарында сыншыл публицист қоғамның кемшіліктерін батыл әшкерелейді. Өмірден орын алған жағымсыз фактіні көрсету арқылы оған тиісті құзырлы органдардың назарын аударады, оқырманды ойландырады. Оның сыни корреспонденциялары мен мақалалары өмірлік нақты деректерге құрылған.

## МАЗМҰНЫ СОДЕРЖАНИЕ

### «ҚАЗАҚ ФИЛОЛОГИЯСЫ» секциясы Секция «КАЗАХСКАЯ ФИЛОЛОГИЯ»

<b>Абдуллаева А.Ә., Бекмағанбетова Г.Ш. (Қызылорда, Қазақстан).</b> Кәсіби лексиканы меңгертуде жаңа технологияны қолданудың тиімділігі	3
<b>Абдуллаева А.Ә., Бекмағанбетова Г.Ш. (Қызылорда, Қазақстан).</b> Құрмалас сөйлем сынарлары арасындағы синтаксистік байланыс және қатынас мәселесі	7
<b>Абиева К.Қ. (Көкшетау, Қазақстан).</b> Ұлттық ойын атауларының лингвистикалық сипаты	12
<b>Абылқасов Ғ.Ж. (Көкшетау, Қазақстан).</b> «Сал», «сері» ұғымдарының шығу тарихына назар аударсақ...	17
<b>Әбдіразақова А.Қ., Мақабаева Г.Т. (Қызылорда-Қостанай, Қазақстан).</b> «Бірлік туы» газетіндегі сыр өңірі проблемаларының көтерілу деңгейі	21
<b>Әбдіразақова А.Қ., Сәуірбаева Ә.Ж. (Қызылорда-Петропавл, Қазақстан).</b> Ш.Уәлиханов шығармаларындағы журналистік зерттеу	24
<b>Әбілов А.Ә., Абилова Г.А. (Қызылорда, Қазақстан).</b> Н. Қосжанұлының «Сартай батыр» жырындағы отаншылдық рух	27
<b>Бексеитова Б.Ж. (Көкшетау, Қазақстан).</b> Қазақ тілі сабағында оқушылардың шығармашылық қабілеті арқылы тілін дамыту	33
<b>Букаева А.А., Мағзұмова А.Т. (Көкшетау, Қазақстан).</b> Ым-ишара - адамды сөзсіз түсіну құралы	37
<b>Ғабдулина М.Ғ., Жүсіпова К.Ж. (Петропавл, Қазақстан).</b> Сан компонентті тұрақты сөз тіркестері	41
<b>Даниярова С.А. (Көкшетау, Қазақстан).</b> Оқытудағы жаңа тәсілдер	47
<b>Даутова С.Б. (Алматы, Қазақстан).</b> Білімді ақпараттандыру заман талабы	51
<b>Досанова М.Р. (Қарағанды облысы, Қазақстан).</b> Қазақ тілі мен әдебиет сабағында оқушыларды дарындылыққа тәрбиелеу жолдары	54
<b>Досова А.Т. (Қостанай, Қазақстан).</b> Көркем мәтіндегі эпитеттің стильдік қызметі	59
<b>Ермағанбетова З.Н., Баялиева Г.Ж. (Қызылорда, Қазақстан).</b> Айжарық Сәдібекұлының публицистикасы	63
<b>Есболова Г.А. (Көкшетау, Қазақстан).</b> Сөздердің күші мен қасиеті	69
<b>Итқұсова З., Шапауов Ә.Қ. (Көкшетау, Қазақстан).</b> Балалар драматургиясындағы тақырыптық жүйенің кейбір мәселелері туралы	72
<b>Қадыров Ж.Т., Алина Н.Қ. (Петропавл, Қазақстан).</b> «Астана» арнасындағы тележүргізушілердің шеберлігі мен тәжірибесі	77
<b>Қажакпарова А.Е. (Көкшетау, Қазақстан).</b> Түр-түс атауларының лингво-когнитивтік әлеуеті	84
<b>Қаженова А.Б. (Көкшетау, Қазақстан).</b> Об обучении казахскому языку: взгляд студента	88
<b>Күзембаев Ж.Е. (Тараз, Қазақстан).</b> Қыран мінезді қаламгер (Міржақып Дулатұлының «Бақытсыз Жамал» романындағы публицистикалық сарын)	93
<b>Күзембаев Ж.Е. (Тараз, Қазақстан).</b> Ұлтқа ұран, ұрпаққа өнеге болған «Оян, қазақ!» (Міржақып Дулатұлының «Оян, қазақ!» өлеңдер жинағындағы публицистикалық сарын)	101
<b>Купаева А.К. (Астана, Қазақстан).</b> Ескерткіштер тіліндегі туынды сөз түрлері	108
<b>Құлыбекова Ж.С., Алимова А. (Петропавл, Қазақстан).</b> Фариза – әйел жанының жыршысы	112



Қазақтың ұлы ғалымы, тарихшы, этнограф, саяхатшы  
және ағартушы Ш.Уәлихановтың 180 жылдығына арналған  
«ШОҚАН ОҚУЛАРЫ – 19»

Халықаралық ғылыми-тәжірибелік конференция  
МАТЕРИАЛДАРЫ  
17-18 сәуір

#### МАТЕРИАЛЫ

Международной научно-практической конференции  
«УАЛИХАНОВСКИЕ ЧТЕНИЯ – 19»,  
посвященной 180-летию великого казахского учёного, историка,  
этнографа, путешественника и просветителя Ш. Уалиханова  
17-18 апреля

*Том 3*

Редакционно-полиграфический отдел  
Кокшетауского государственного университета имени Ш.Уалиханова  
Подписано в печать 29.04.2015 г. Объем 24,81 п.л. Тираж 100 экз.  
Заказ № 67

Ш. Уәлиханов атындағы Көкшетау мемлекеттік университетінің  
баспаханасында басылған

Отпечатано в типографии Кокшетауского государственного  
университета имени Ш.Уалиханова

Наш адрес: Казахстан, Акмолинская обл., г. Кокшетау,  
ул.Акана-Серы, 24, РПО КГУ им. Ш.Уалиханова

[www.kgu.kz](http://www.kgu.kz)